

Жуалы аудандық мәслихатының "Жуалы ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Жуалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 қарашадағы №73-3 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 12 ақпандағы № 16-2 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 ақпанда № 5150 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Жуалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жуалы ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Жуалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 қарашадағы №73-3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4799 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жуалы аудандық
мәслихатының төрағасы*

З. Бурлибаев